

Ұлыбританиядағы пробацция қызметін ұйымдастыру

Шетелдердің пенитенциарлық жүйелері біздің еліміздің қылмыстық-атқару жүйесінен айтарлықтай ерекшеленеді. Сонымен қатар, ұлттық құқықтық жүйелердегі, бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық әсер ету шараларының орнын оқу кезінде, атап айтқанда оларды атқару кезіндегі адамның өміріне әсер ететін әлеуметтік-психологиялық сипаттағы шараларды өткізуде ұлттық қылмыстық-атқару қызметінің дамуын жақсартуда үлкен рөл ойнайтын жақсы жақтарын бөліп көрсетуге болады. Бұл, бірінші кезекте Қазақстан Республикасында жаңадан қолданыла бастаған пробацциялық бақылауды жүзеге асыруға қатысты.

Ұлыбританияда бас бостандығынан айырумен байланысты емес барлық жаза түрлерін Англия мен Уэльстің 2001 жылдың сәуір айынан бастап, Пробацция қызметі Ішкі істер министрлігінің құрамдас бөлімі атқарады.

Қазіргі таңда Англия мен Уэльсте NOMS құқықбұзушылармен қарым-қатынастың Ұлттық қызметі (Ұлттық пробацция қызметінің орнына) құрылған. 2006 жылдың шілде айында қабылданған «Құқықбұзушылармен қарым-қатынас туралы» Парламенттік актіге сәйкес пробацция қызметінің ведомствосына бақылауды Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Қызметті, пробаццияның жетекші офицері басқарады, ол қылмыстық әділеттілік саласындағы өзге мемлекеттік құрылымдардың басшыларымен қарым-қатынас және де қызметкерлердің қызмет бағыттарын анықтайды. Бас офицердің көмекшісі Пробацция қызметінің қаржылай және кадрлық қамтамасыз етілуіне, сондай-ақ оның негізгі қызметінің жүзеге асырылуына жауап береді. Осыған қарамастан, Пробацция қызметінің бюджеті орташа есеппен Бас бостандығынан айырумен байланысты жазалар департаменті бюджетінің үшінші бөлігін құрайды.

Осыған орай, атап өтетін жай Ұлыбританияның түрмелерін қаржылай қамтамасыз ету, пробацция жүйесін қамтамасыз етуге қарағанда айтарлықтай қымбатқа түседі. Әрине, пробацция қызметіне жұмсалатын қаржы көлемі де өсіп келеді, оның басты себебі, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық доминанттылығы мен мемлекеттің қылмыстың алдын-алудағы тиімді құралдарын іздеуінде. Бұл орайда, келесі көрсеткіштерді атап өтпей кетуге болмайды. Орташа есеппен жылына пробацция туралы әр бұйрықтың орындалуына 1000 фунт стерлинг жұмсалады. Ал бір сотталғанға кететін ақша көлемі 16 000 фунт стерлингтен жоғары көлемді құрайды [3, 59 б]. Осыған байланысты, толығымен түрме жүйесіне кететін қаржылай шығынның көлемі пробаццияға қарағанда айтарлықтай төмен екендігін байқауға болады. Сөз жоқ, бұл құбылысты нақтылауға болмайды, бірақ та сотталғанға әсер етудегі ізгілік пен бірге, пробаццияның әсері айтарлықтай айқын болып келеді.

Жергілікті жерлерде пробацциялық аймақтар құрылып отырады, олар сот аймақтарын есепке ала отырып құрылады. Олар, 42 Пробацция қызметі

қызмет ететін 10 аймақта орналасқан. Пробациялық аймақтарда басшылық органы болып, пробация бойынша Комиссиялар танылады, бұл комиссиялар келісімдік соттардан тұрады. Комиссия аймақтық пробация қызметінің қызметкерлерін тағайындайды, олардың қаржылық есептерін, жұмыстарын және т.б. тексереді. Сонымен қатар, бақылау істері бойынша Комиссиялар қызмет етеді, олардың міндеттеріне өздерінің өндірісіндегі істер бойынша пробациялық аймақтағы пробация қызметкерлерінің жұмысын бақылау жатады.

Атап өтетін жағдай, оның жүйесі ХХ ғасырдың 80-90 жылдарында Пробация қызметі кадрларының өсуін байқады. Негізгі саты қызметкерлерінің саны 11%-ға, ал көмекші саты қызметкерлерінің санының 31%-ға өскен, бұған қоса инспекторлардың ерікті көмекшілері тартылып отырған (еріктілер).

Пробация қызметі тек қана пробацияға сотталғандармен ғана жұмыс істеп қоймайды, сонымен қатар түрмеге қамаумен байланысты емес жазаларға тартылған барлық сотталғандармен және де түрмеге қамаумен байланысты жазалары кейінге қалдырылған немесе жаза өтеу орнынан бөлек жерде жүрген, не болмаса оны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған сотталғандармен де жұмыс істейді.

Инспекторлар қызметінің негізгі мақсаттарына сотталғандардың тәртібін қадағалауды қамтамасыз ету, құқықбұзушы тұлғаға «әлеуметтік зерттеу» жүргізу, олардың әлеуметтік бейімделуіне тәжірибелік көмек көрсету жатады.

Пробация қызметінің қызметкерлері құқықбұзушылармен жүргізілетін шараларға қосылады, құқықбұзушылар полицияға келіп түскен уақыттан бастап, олардың міндеттеріне әділ үкім шығару жеңіл болуы үшін, сотқа ұсыныс жазу кіреді. Әрине, сот әр кезде ұсыныстармен келісе бермейді, осылайша мысалға, 100 жағдайдың 30 жағдайында келісімдік сот, пробация ұсынған жазаға қарағанда, айтарлықтай қатаң жаза қолданады, бірақ 70 жағдайда келіседі. Жоғары тұрған Корольдік сот көп жағдайда келісе бермейді, мысалы, 100 жағдайдың 50-де. Пробация қызметі сотталғанның отбасын назардан тыс қалдырмайды. Олармен тығыз байланыс жасалып отырады. Бастысы отбасы сотталғанмен байланысын үзбей хат жазып, келіп тұруы. Сонымен қатар, жәбірленушілер жайлы да ұмытпайды - оларды ренжіткен адамның жазаны қалай өтеп жатқандығы, оның бостандыққа қашан шығатындығы туралы хабарлап отырады, сонымен қатар, оның қоғамға қайтып келуінен қорықпайтындықтары туралы біліп отырады.

Әр аймақта пробация қызметінің бас офицері және де Қызметтің әртүрлі бағыттарына жауап беретін оның бірнеше орынбасарлары мен көмекшілері тағайындалады. Мысалға, бас офицердің көмекшілерінің бірі жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламасына, ал басқасы-сотталғандардың тәртібін түзетуге жауап береді. Пробация қызметінің жергілікті офисінде басшылықты, пробацияның аға офицері жүзеге асырады, оған пробацияның 6-8 офицері және пробация қызметінің 4-6 офицері бағынышты болады.

Пробация офицерлері келесі қызметтерді жүзеге асырады:

-сотқа дейінгі сатыда айыпталғандармен әңгімелесулер жүргізіледі және де соттар мен магистранттарға жаза көлемін анықтауда көмек көрсету мақсатында олардың тұлғаларын бағалауды әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізеді;

- қоғамдық жұмыстарға тарту бойынша жазаларды орындау, олар әдетте сотталғанның белгілі бағдарламаларға қатысуларын көздейді, немесе қоғамның мүддесіне пайда тигізетін тегін жұмыс жасауларымен, сондай-ақ, сотпен бекітілген шараларға қатысумен байланысты;

- сотталғандардың қылмыстық әрекеттері қауіпін төмендету мақсатында құрылған арнайы топтарда сабақтар өткізеді;

- түрме кеңестеріне шартты түрде мерзімінен бұрын босату бойынша есептер мен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жататын сотталғандарды анықтау мақсатында сотталғандарға қатысты қауіпті бағалау бойынша мағлұматтар беріп отырады;

- бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандармен қоғамға бейімделуі мақсатында жұмыстар жүргізеді. Осыған орай, босатылғандарға көмек көрсету сұрақтарымен тікелей байланыстылығын және қайырымдылық көмекті ұйымдастыруды, онымен құқықбұзушыларға қамқорлық көрсету мен жұмысқа орналастырушы Ұлттық ұйымдастық айналысатындығын атап өту қажет;

- қылмыстан жәбір шеккендермен жұмыс;

- сотты күтіп жүрген айыпталғандарды орналастыруға арналған уақытша жатақханаларды басқару, ол айыпталғандар қоғамға қауіп төндірмейді деп есептеледі және ашық жатақханаларға орналастырылады; ұзақ уақыт бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп шыққан сотталғандарға арналған жатақханаларды басқару, ол адамдарға бұл жерлерде қоғамға бейімделу мақсатында көмек көрсетіліп отырады.

Өз кезегінде пробация қызметінің офицерлері, пробация офицерлеріне қарағанда төменгі деңгейде тұрады және олардың санаттары да төмен болып саналады. Бұл қызметкерлер түрлі қызметтерді жүзеге асырады, оларға, тегін жұмыстарды орындау бойынша және де сотталғандар кәсіби даярлықтан өте алатын шеберханаларды құру бойынша бағдарламаларға басшылық ету жатады. Сонымен қатар, көрсетілген қызметкерлер санаттары уақытша жатақханаларды басқаруға да қатысады. Жайшылықта олар, шартты түрде мерзімінен бұрын босату және т.б. сұрақтар бойынша соттарға кеңестер, баяндамалар мен есептер даярлаудан басқа, пробация офицерінің міндеттерін жүзеге асыруға құзырлы.

Қызметте, сонымен қатар психологтар да қызмет етеді, толығымен алғанда олардың қызмет, қызметтің штаб-пәтерінен үйлестіріліп отыратын және төменгі сатыдағы офицермен жүзеге асырылатын сотталғандардың жүріс-тұрысын түзету бойынша бағдарламаларды жүргізуді қадағалаудан тұрады. Психологтар пробация қызметінің әр офісіне тағайындалмайды және де олардың саны пробация офицерлері мен пробация қызметінің офицерлеріне қарағанда айтарлықтай аз. Кей кездерде психологтар қауіп деңгейін бағалау үшін тартылулары мүмкін. Пробация қызметтері төменгі

саты қызметкерлерін тегін жұмыс жүргізуді қадағалау үшін, кәсіби даярлық бойынша шеберханаларға нұсқаушы және т.б. ретінде тарта алады. Бұл қарастырылған міндеттер тізбесі, еуропа елдерінің көбінің пробация қызметіне тән болып табылады.

Пробация қызметімен, атап айтқанда, бас бостандығынан айыруға альтернативті жаза түрлеріне сотталған әйелдерге топтық әсер ету бағдарламалары ұйымдастырылады және өткізіледі. Кездесулер аптасына бір рет таңғы сағат 10:00 мен күндізгі сағат 15:00 аралығында түскі үзіліспен өткізіледі, ол ведомствоның бюджетінен қаржыландырылады. Жолға кеткен ақша да қайтарылады. Барлық әйелдердің сабаққа қатысуларын қамтамасыз ету мақсатында, 5 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер, балаларын өздерімен бірге ертіп әкеліп, жергілікті әлеуметтік қызметі қызметкерлерінің қарауына қалдыра алады.

Қылмыстан жәбір шеккендерге көмек көрсету сияқты, пробация қызметінің аспектісі назарға аларлық іс болып табылады. Бұл миссия мынадан көрініс табады «...пробация қызметі... жәбірленушімен немесе оның отбасымен байланыста болуға міндетті және де оларды құқықбұзушының бостандыққа шығуы алаңдатпай ма. Оларды осы тектес қобалжулардан қорғау үшін.... жұмыс орны, тұрғылықты жері бойынша қауіпті тұлғалардың жүріп-тұруына шектеулер қояды».

Сынақ қадағалау органдары қызметкерлерінің жәбірленушілерді өз қамқорлықтарына алуы өте маңызды болып табылады, себебі ол олардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне, адамгершілік жапа шегудің алдын алуға әсер етеді және қазіргі қоғамның моральдық талаптарына сай келеді.

Қызмет есебінде тұрған тұлғалар тарабынан, қасақана, бірнеше рет құқық бұзушылықтар үкімді қайта қарау мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің неғұрлым қатаң түрін қолдану қажеттілігі туралы сотқа ұсыныс жасау үшін негіз бола алады. Сотталғанның пробация талаптарына және де сот бұйрығына бағынбағандығы туралы ақпаратты алған бетте келісім сот, сотталғанды шақырып немесе оны қамау туралы бұйрық шығара алады.

Бұл жағдайдағы магистрлік соттың құзыреті кең болып табылады. Ол:

- 50 фунт стерлингке дейінгі көлемде сотталғанға айыппұл салуға;
- қоғамға қызмет көрсету туралы бұйрық шығаруға;
- белгіленген тәрбие орталығына бару туралы бұйрық шығаруға;
- егер құқықбұзушылар магистранттық сотпен сотталған болса, пробациямен ауыстырылған жазаға соттау туралы бұрық шығаруға;
- егер тұлға Корона сотымен сотталған болса, оны Корона сотының алдына барғанына дейін қамауға алуға құқылы.

Корона соты құқылы: а) 50 фунт стерлингке дейінгі көлемде айыппұл салуға; б) қоғамға қызмет көрсету туралы бұйрық шығаруға; в) пробация орнына осы қылмыс үшін қарастырылған өзге жаза түрін тағайындауға. Сотталғанның немесе пробация қызметінің шенеунігінің арызы негізінде, сот, сотталғанның пробация режимін қажет етпейтіндігін бекіте отырып, оның шартты түрде босатылуы туралы бұрық шығара алады (пробацияның

қалған бөлігінен) бірақ оған осы мерзім ішінде жаңа қылмыс жасамау туралы талап қойылады.

Пробация қызметі жеке орган болғанымен, ол түрме ведомствосымен тығыз байланыста жұмыс істейді және де заңанамаға сәйкес, қоғамда сыйлы азаматтар мен келісім сотынан тұратын тәуелсіз жергілікті комитетке бағынады. Пробациялық аймақтарда басшылық етуші орган болып, пробация бойынша комиссия табылады. Бұл комиссия аймақтағы пробация қызметінің қызметкерлерін тағайындайды, олардың қаржылық есебін, жұмысын және т.б. бақылайды. Сонымен қатар, бақылау істері бойынша Комиссиялар болады, олардың міндеттеріне өздерінің өндірісіндегі істер бойынша аймақтық пробация қызметкерлерінің қызметін бақылау кіреді.

Қазіргі таңда Ұлыбританияда пробация институтының маңызы, түрмелік жазаға альтернативті жеке жаза түрінен басқа, кең ауқымды қызмет аумағын қамтамасыз ететіндігінде. Пробация күдіктіні ұстаған сәттен бастап, оның постпенитенциарлық ресоциализациялауға дейінгі кезеңдегі құқықтық қатынастарға қатысады, оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың.

Сонымен, Ұлыбритания тәжірибесін қорытындылай келе, мынадай ой туындайды, қазіргі таңдағы Қазақстанда қызмет етіп жатқан пробация қызметіне келесі міндеттерді жүктеу ұсынылады:

- біріншіден, бүгінгі күні қылмыстық-атқару инспекциясы жүзеге асыратын міндеттерді қалдыру, атап айтқанда барлық бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды атқару бойынша, шартты сотталғандарды, сонымен қатар, жазасын орындау кейінге қалдырылған тұлғаларды бақылау бойынша;

- екіншіден, оған постпенитенциарлық ресоциализациялау міндетін жүктеу, соның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларды;

- үшіншіден, сонымен қатар, оған, айыптының жеке тұлғасы туралы арнайы қортынды шығарып, айыптылар мен күдіктілерді сотқа дейінгі бақылауды жүктеу (ол бақылау мыналардан тұрады, сотталушының өмірбаянынан, отбасы және әлеуметтік жағдайы туралы мағлұматтан, жұмыс орны мен көршілерінен алынған мінездемелерден, айыпты ретіндегі жеке қасиеттері көрсетілген пробация қызметінің, қызметкер-психологының, айыпталушының психологиялық портреті көрсетілген анықтамасынан) сонымен қатар, пробация қызметінің қызметкері сотта жаза түрі мен мерзімі, сынақ мерзімі және міндеттерді таңдау туралы ұсыныстарын білдіріп, осы материалдардың барлығы қылмыстық іске тіркелсе.

Г.ҚАЖЫКОВА

полиция майоры

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев
атындағы Қостанай академиясы